



# СЫНАУ КВАЛИФИКАЦИЯСЫ

Дайындаған Алина А.М

# СЫНАУ

- ▣ **Сынау**- әртүрлі әсер ету жағдайында жұмыс істейтін объектінің сандық немесе сапалық сипаттамаларын тәжірибе (эксперимент) жүзінде анықтау.



«Тест» деген сөз ағылшын тілінен аударғанда «сынау» деген мағынаны білдіреді. «Тестілеу» – мақсатты түрде жүргізілетін, әрі сынақтан өтушілердің барлығы үшін қиындығы мен күрделілігі бірдей деңгейде берілетін, қатаң қадағалатын жағдайда өткізілетін, педагогикалық процестің зерттелуге тиісті сипаттамаларын объективті өлшеуге мүмкіндік беретін тексеру, бақылау, зерттеу формаларының бірі.

## КВАЛИФИКАЦИЯ

- **Біліктілік**, квалификация — адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы. Біліктілік ғылыми мекеме, кейбір кәсіпорын, өндіріс, т.б. жұмыс орындарында қызметкерлер мен жұмысшылардың жұмысқа қабілеттілік деңгейі ретінде белгіленеді. Мысалы, мектеп ұжымы педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізіп, оларға лайықты Біліктілік деңгейлерін береді. Еңбек рыногындағы Біліктілік жұмысшылар мен қызметкерлерден кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдетіп, олардың бәсекелесуге қабілетті болуын қажет етеді. Біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болады.



## СЫНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ӨНДЕУ

- Ақ қаңылтырдың қаттылығын Супер-Роквелл әдісімен сынағанда өлшеудің нәтижелері индикатор шкаласының бүтін бөлігінде өндіріледі. Сынау дәлдігі индикатор бойынша  $\pm 0,5$  бірлік шкаласы, яғни  $\pm 0,001$  мм. Қаттылықты сынау нәтижесінің саны ретінде бөлек өлшеу нәтижесі алынады, бірақ әр үлгіде 3-тен кем емес өлшеу жүргізілу керек. Бұйым қаттылығы, осы бұйым түріне байланысты стандарттар мен техникалық шарттарда жазылады. Ұшы немесе тірек ауыстырылғаннан кейінгі алғашқы екі өлшеу мәні есепке алынбайды. Супер-Роквелл әдісі бойынша табылған қаттылықты, белгілі бір жүктеме әсерінен пайда болған тереңдікті өлшеу арқылы табады.



СЫНАҚ ЖҮРГІЗІП, СЫНАҚ НӘТИЖЕЛЕРІН АЛҒАННАН  
КЕЙІН ХАТТАМА ТОЛТЫРЫЛАДЫ. СЫНАҚ  
ХАТТАМАСЫНДА:

- ақ қаңылтыр маркасы немесе үлгі маркасы;
- үлгінің өлшемдері;
- білікшелер радиусы;
- а қашықтығы;
- керу ауқымы;
- сынау нәтижелері және
- сынау түрі көрсетіледі.



# СЫНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ХАТТАМАҒА ТОЛТЫРАДЫ.

## ХАТТАМАДА:

- дайындаушы-кәсіпорын;
- аспап түрі;
- ақ қаңылтырдың маркасы;
- үлгінің ені, мм;
- үлгінің қалыңдығы, мм;
- шұңқырдың тереңдігі, мм;
- шұңқырдың орташа тереңдігі, мм;
- сынау температурасы, көрсетіледі.



## СЫНАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Сынақ бағдарламасы бұл орындалуға міндетті, объектісі, мақсаты, өнімді сынаудың міндеттері, түрлері мен тексерілетін параметрлер мен көрсеткіштердің бірізділігі, олардың өту мерзімі, сынақ әдістері, сынақ әдістеріне мемлекеттік стандарттар немесе басқа НТҚ және қауіпсіздік техникасының талаптары мен қоршаған ортаны қорғауды белгілейтін ұйымдастыру-әдістемелік құжат. Сынақ бағдарламасы ереже бойынша сынақтың әр категориясы бойынша, оларды өткізудің техникалық қамтамасыз етілуі мен жағдайларына ескере отырып бөлек жасалады.





## СЫНАҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТАРАУЛАРЫ

- Сынақ бағдарламасының келесі тараулары бар: жалпы ережелер; қолданылу саласы мен міндеті; сынақтың бірізділігі; анықталатын сипаттамалар (көрсеткіштер), өнімге қойылатын техникалық талаптар номенклатурасы; сынақтың жалпы шарттары.





**Соңы!**

**Назарларыңызға рахмет!**